

«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 961 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысы:

мынадай мазмұндағы 13-3-тармақпен толықтырылсын:

«13-3. «Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 18 мамырдағы № 84 Жарлығын іске асыру мақсатында осы қаулыға 33-қосымшаға сәйкес 2011 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету жүзеге асырылсын.»;
осы қаулыға қосымшаға сәйкес 33-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 5 т а м ы з д а ғ ы

№ 9 6 1 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 1 3 5 0 қ а у л ы с ы н а

33-қосымша

2011 жылға арналған республикалық бюджет көрсеткіштерін түзету

мың теңге

ФТ	ББӘ	БМА	Атауы	Өзгерістер (+,-)
			II. Шығындар	0
008			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	-356 998
	206		Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі	-356 998

		001	Мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	-156 958
		002	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің күрделі шығыстары	-3 345
		031	Мәдениет және дін саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, дін мәселелері бойынша әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтерін жүргізу	-196 695
013			Басқалар	356 998
	695		Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігі	356 998
		001	Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру	156 958
		002	Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің күрделі шығыстары	3 345
		004	Дін саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, дін мәселелері бойынша әлеуметтанушылық, ғылыми-зерттеу және талдау қызметтерін жүргізу	196 695

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК